

«ALSER ОНЛАЙН БЕЙНЕБЛОГИНГ МЕКТЕБІ» НАУҚАНЫН ӨТКІЗУ ЕРЕЖЕЛЕРІ

«ALSER ОНЛАЙН БЕЙНЕБЛОГИНГ МЕКТЕБІ» жарнамалық науқанына қатысып (әрі қарай – «Науқан»), Қатысушылар осы Ережелермен (әрі қарай – «Ережелер»), сонымен бірге Ережелердің ажырамас бөлігі болып табылатын Пайдаланушы келісімімен (әрі қарай – «Келісім») толық келіседі.

1. Жарнамалық Науқан өткізудің жалпы тәртібі.

1.1. Науқан атауы: «ALSER ОНЛАЙН БЕЙНЕБЛОГИНГ МЕКТЕБІ»

1.2. Науқанға қатысу төлем жасаумен байланысты емес және қауіптерге негізделген жоқ.

1.3. Науқан өткізілетін аумақ – **Қазақстан Республикасы**.

1.4. Ұйымдастырушының атауы.

1.4.1. Науқан өткізуді ұйымдастыратын науқан ұйымдастырушысы, яғни Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған заңды тұлға болып «**Gulser Computers» (Гулсер Компьютерс) ЖШС** (әрі қарай – «Ұйымдастырушы») табылады.

1.4.2. Ұйымдастырушы Науқан өткізу аясында іске асырады:

- Науқан өткізудің техникалық сүйемелдеуін, атап айтқанда Youtube платформасында онлайн көрсетілімді ұйымдастыру.
- Науқан Қатысушыларының тізімін құру және олар туралы ақпарат жинау.
- Қатысушыларға онлайн көрсетілімге сілтеме жазылған СМС жолдау.

1.5. Науқанды өткізу мерзімдері.

1.5.1. Науқанды өткізудің жалпы мерзімі.

Науқан 2018 жылдың «17» тамызынан «21» қыркүйегіне дейінгі аралықта өткізіледі.

Науқан мерзімі қысқартылуы немесе ұзартылуы мүмкін, ол туралы Ұйымдастырушы <https://www.blogging.kz> сайтында Қатысушыларға қосымша хабарлайды.

2. Науқанға қатысу шарттары.

2.1. Науқанға Қазақстан Республикасының азаматтары қатыса алады.

2.2. Науқан Қатысушыларының мынадай құқықтары бар:

2.2.1. Осы Ережелерге сәйкес Науқан туралы ақпаратты алу құқығы;

2.2.2. Осы Ережелерге сәйкес Науқанның барлық шарттарын орындаған жағдайда вебинарға қатысу құқығы;

2.2.3. Осы Ережелермен және әрекет етуші заңнамамен қарастырылған басқа да құқықтар.

2.3. Науқан Қатысушыларының мынадай міндеттері бар:

2.3.1. Науқан өткізілетін мерзімде Науқан Ережелерін сақтау;

2.3.2. Науқан Ережелеріне сәйкес Ұйымдастырушыға өзі туралы расталған ақпарат ұсыну;

2.3.3. Осы Ережелермен және әрекет етуші заңнамамен қарастырылған басқа да міндеттер.

2.4. 2018 жылдың «17» тамызынан «21» қыркүйегіне дейінгі аралықта барлық Alser дүкендерінде немесе www.alsер.kz сайтында бағасы 5000 теңгеден басталатын кез келген тауар сатып алған Науқан Қатысушысы 4 (төрт) блогер өткізетін 5 (бес) вебинарға қатысу мүмкіндігін алады.

2.5. Қатысушы Науқанға қатыса отырып, нақтылап айтқанда, осы Ережеде көрсетілген конклюденттік әрекеттер ретін (яғни, оның Науқанға қатысуға еркін бір мағыналы білдіретін әрекеттер, алайда еркін ауызша немесе жазбаша түрде білдіру емес, осындай еркі бар екендігі туралы қорытынды жасауға болатын әрекеттер) орындап:

Осы Ережелермен келіседі;

Өзінің жеке мәліметтерін ұсынуға, олардың Ұйымдастырушымен және оның уәкілетті тұлғаларымен өңделуіне келіседі;

- Пайдаланушы келісімімен келіседі;
- Ережелерде белгіленген басқа да талаптарына өзінің сәйкестігін растайды.

2.6. Ұйымдастырушы Қатысушының жасын және жеке басын куәландыратын құжаттарын тексеру және Науқанды өткізу мақсатында қажет болатын басқа да ақпаратты ұсынуды талап ету құқығын өзінде сақтайды.

3. Жеке мәліметтер

- 3.1.** Науқанға қатысып және өзінің жеке мәліметін ұсына отырып Науқан Қатысушысы ұсынылған жеке ақпаратты Ұйымдастырушымен, оның уәкілетті тұлғаларымен (Ұйымдастырушы Науқанды өткізуге шақырған басқа да тұлғалармен, әрі қарай барлығы – «басқа да әріптес» деп аталады) осы Науқанды өткізу мақсатында Науқан өткізілетін бүкіл мерзімде ақпаратты өңдеуге, соның ішінде ақпаратты жинауға, жүйелеуге, сақтауға, нақтылауға (жаңартуға, өзгеріс енгізуге), алуға, пайдалануға, таратуға, жеке тұлға атынан айыруға, бұғаттауға, өшіруге, жоюға келісім береді.
- 3.2.** Науқан Қатысушылары нақты және өзекті (сенімді) мәліметтер беруге міндеттенеді.
- 3.3.** Науқан Қатысушылары олардың Науқанға қатысу үшін көрсетілген/берілген жеке мәліметтердің Ұйымдастырушымен (басқа да әріптестермен) барлық қажетті әдістермен өңделетінін түсінеді және келіседі, Науқанды өткізу мақсатында осы Ережелерді қабылдау кезінде осындай өңдеуге келісім береді.
- 3.4.** Науқанға қатысу фактісі Қатысушының жеке мәліметтерін Ұйымдастырушымен және Ұйымдастырушының тапсырмасы бойынша жұмыс істейтін басқа да әріптестерімен Науқанды өткізу мақсатында және осы Ережелермен қарастырылған тәртіпте кез келген әдістермен өңдеуге Қатысушының ерікті, айқын, ақпараттандырылған және саналы келісім беруі болып табылады. Осы Ережеге сәйкес жеке мәлімет болып нақты немесе нақтыланатын жеке тұлғаға (жеке мәлімет субъектісіне) тікелей немесе жанама қатысты кез келген ақпарат түсініледі.
- 3.5.** Осы Ережеде жеке мәліметті өңдеу деп Науқанды өткізу мақсатында автоматтандыру құрылғыларын қолданып немесе ондай құрылғылардың қолданылуынсыз Науқан Қатысушыларының жеке мәліметтеріне жасалатын кез келген әрекет (операция) немесе әрекеттер (операциялар) жиынтығы, соның ішінде жинақтау, жазу, жүйелеу, сақтау, нақтылау (жаңарту, өзгеріс енгізу), алу, пайдалану, беру (тарату, ұсыну, қол жеткізу), жеке тұлға атынан айыру, бұғаттау, өшіру, жою түсініледі.
- 3.6.** Науқан Ұйымдастырушысы және Науқан Ұйымдастырушысының тапсырмасы бойынша әрекет ететін басқа да әріптестер келесі ережелерді сақтауға міндеттенеді және Қатысушыға оның жеке мәліметтерін өңдеуге қатысты келесі кепілдік береді:
- жеке мәліметтердің өңделуін Қазақстан Республикасының жеке мәліметтерді қорғау саласындағы барлық қолданылатын талаптарының сақталуымен, соның ішінде Заңмен белгіленген принциптердің, талаптардың, жеке мәліметтер операторының міндеттемелерінің сақталуын қамтамасыз ету;
 - жеке мәліметтерді тек қана өткізілетін Науқан көлемінде және мақсаттарында, сонымен бірге жарнамалық мақсаттарда өңдеу. Жеке мәліметтерді жеке мәліметтердің субъектілерін қандай да бір өнімдер мен қызметтер туралы ақпараттандыру, сонымен қатар кез келген басқа да мақсаттарда қолдану тек Заңмен қарастырылған көлемде және жағдайларда іске асады; егер Науқан Ұйымдастырушысы Науқан Қатысушыларының алдында міндеттемелерін орындау мақсатында Науқан Қатысушыларының жеке ақпараттарын үшінші тұлғаларға беру қажеттігі пайда болса - аталған әрекеттерді тек Заңнама талаптарын орындап іске асыру.

- ҚР заңнамасының талаптарына сәйкес Науқан Қатысушыларының жеке мәліметтерін өңдеу кезінде оларды қорғауға және қауіпсіздігіне, құпиялылығына жауапты болу.

3.7. Науқанға қатыса отырып, Қатысушы Науқанға қатысу туралы жарнамалық интервьюге қатысуға, соның ішінде радио және телевидение, сондай-ақ басқа да бұқаралық ақпараттар құралдарында, сонымен бірге Ұйымдастырушымен және/немесе Ұйымдастырушының тапсырмасы бойынша қатысушының фото- және бейне түсірілімін жүргізуге, сонымен қатар Қатысушымен бірге жасалған фото- бейнежазбаларды қосымша келісім алмай-ақ және ол үшін қандай да бір сыйақы төлем жасамай қолдануға, соның ішінде бұқаралық ақпараттар құралдарында, жекелеп айтқанда, жарнамалық мақсаттарда үшінші тұлғаларға қатысушымен бірге жасалған жасалған фото- бейнежазбаларды пайдалану құқығын беру құқығымен қолдануға өзінің келісімін растайды.

3.8. Қатысушының және/немесе Науқан Қатысушысы ретінде Ұйымдастырушыға (немесе оның уәкіліне) мәліметтерді ұсынған басқа субъектінің жеке мәліметтерді, жеке мәліметтерді өңдеуге берілген келісімді кері қайтарып алу сол Қатысушының Науқаннан шығып кетуіне әкеледі, Науқан жүлдесін алу мүмкіншілігінен айырады. Науқан Ұйымдастырушысы Қатысушыға мұндай жүлдені беруден бас тарта алады, немесе осыған дейін тиісті жүлде (ұтыс) Қатысушымен талап етілген жағдайда оның қайтарылуын талап ете алады (осы Ережелер негізінде анықталатын нақтылы табиғи немесе ақшалай түрде). Қатысушыдан және/немесе Науқан Қатысушысы ретінде Ұйымдастырушыға (немесе оның уәкіліне) мәліметтерді ұсынған басқа субъектіден жеке мәліметтерді өңдеуге берген келісімін кері қайтарып алу туралы хабарлама алынған соң, Науқан Ұйымдастырушысы олардың өңделуін тоқтату тиіс және Науқан Ұйымдастырушысының тапсырмасы бойынша әрекет ететін тұлғамен өңделуін тоқтатылуын қамтамасыз етуі тиіс. Егер жеке мәліметтерді сақтау жеке мәліметтерді өңдеу мақсаттарына бұдан әрі қажет болмаған жағдайда, бірақ Науқан Ұйымдастырушысы жеке мәліметтерді Заңмен қарастырылған негізде жеке мәлімет субъектісінің келісімінсіз өңдеуге құқылы болған жағдайларды есепке алмағанда, аталған қайтарып алу туралы хабарлама келіп түскен күннен бастап 90 (тоқсан) күннен аспайтын мерзімде жеке мәліметтерді жою немесе олардың жойылуын (жеке мәліметтердің өңделуі Науқан Ұйымдастырушысының тапсырмасы бойынша әрекет ететін басқа тұлғамен іске асырылған жағдайда) қамтамасыз ету қажет.

4. Басқалар.

4.1. Осы Ережелерде көрсетілген кез келген уақыт Астана уақытымен есептеледі.

4.2. Науқанға қатысу Науқан Қатысушыларының осы Ережелермен таныстырылуын білдіреді.

4.3. Науқан Ұйымдастырушысы мыналар үшін жауапты емес:

- Науқан Қатысушыларының <https://www.blogging.kz> сайтындағы Науқан туралы ақпаратпен танысу мүмкіншілігінің жоқтығына;
- Науқан Қатысушыларының осы Ережелерде қарастырылған міндеттерінің орындамауына (берілген мерзімде орындамауына);
- Науқан Қатысушыларының жүлделерді алу үшін қажетті пошталық жіберулерді, ақпаратты (құжаттарды) байланыс ұйымының кінәсінен немесе Ұйымдастырушыға тәуелді емес басқа да себептермен алмауы/уақытында алмауы үшін;
- Науқан Қатысушылары Тіркеу мәліметтері ретінде көрсеткен байланыс және басқа да ақпараттардың, мәліметтердің дұрыстығына, нақтылығы және сенімділігіне, сонымен бірге олардың көрсеткен байланыс телефондарымен байланысудың мүмкін еместігі үшін, сонымен қатар, Науқан мақсаттары үшін, соның ішінде жүлделерді ұсыну мақсатында Қатысушылардан алынған

ақпаратты пайдаланудың мүмкін еместігі үшін, және Ұйымдасушыға тәуелді емес басқа да себептер үшін.

- 4.4. Науқан Қатысушысы кез келген сәтте Науқан Ұйымдастырушысына тапсырыстық пошталық жіберу арқылы тиісті өтініш жолдап, Науқанға қатысудан бас тарта алады. Өтініш ерікті нұсқада құралады, онда Қатысушының ТАӘ, жеке басын куәландыратын құжаттың сериясы мен нөмірі және байланыс телефон нөмірі жазылуы тиіс.
- 4.5. Ұйымдастырушы Науқан Ережелерін кез келген сәтте өзгерту құқығы бар, ол туралы Интернет желісінде <https://www.blogging.kz> сайтында тиісті ақпарат орнатуы тиіс.
- 4.6. Ұйымдастырушы мен Науқан Қатысушылары осы Ережелермен қарастырылмаған барлық сұрақтарда Қазақстан Республикасының әрекет етуші заңнамасын, сонымен қатар осы Ережелердің ажырамас бөлігі болып табылатын Пайдаланушы Келісімін басшылыққа алады.